

қызметтерге арналған тарифтік смета осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жазылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Электр энергетикасы саласындағы реттеу басқармасы осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының назарына жеткізсін.

4. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы тарифтердің өзгеруі туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына жеткізсін және күнтізбелік бес күн ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетіне тарифтерді енгізу туралы тұтынушыларды хабардар ету фактісі туралы ақпарат берсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық 2024 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1 және 2-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Табиғи монополияларды
реттеу комитеті төрағасының
міндетін атқарушы**



Н. Булатбаев

**КОШІРМЕ
ДҰРЫС**



БҮІРҮҚ

КӨШІРМЕ
ДҰРЫС

ПРИКАЗ

16.04.2024 м.

Astana qalasy

№ 46-НҚ

город Астана

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге 2021-2025 жылдарға арналған тарифтер мен тарифтік сметаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының 2020 жылғы 24 қарашадағы № 68-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 12) тармақшасына және 22-бабы 1-тармағының 1) және 9-2) тармақшаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 20 қарашада №19617 болып тіркелді) бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 607-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге 2021-2025 жылдарға арналған тарифтер мен тарифтік сметаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының 2020 жылғы 24 қарашадағы № 68-НҚ бұйрығының 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына 2021-2025 жылдарға арналған электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге арналған тарифтері:

2021 жылға – 1,91 теңге кВтсағ. ҚҚС-сыз;

2022 жылға – 2,17 теңге кВтсағ. ҚҚС-сыз;

2023 жылға – 2,43 теңге кВтсағ. ҚҚС-сыз;

2024 жылға – 3,25 теңге кВтсағ. ҚҚС-сыз;

2025 жылға – 3,66 теңге кВтсағ. ҚҚС-сыз мөлшерлерінде бекітілсін.».

2. Көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру жөніндегі